

Академиялық Бағдарлама

**Білімге салынған
инвестиция —
фармацевтиканың
болашағына салынған
инвестиция.**

Табысты фармацевтика саласы адамдардан басталады: дарынды студенттерден, жас ғалымдардан, оқытушылардан және инновация жасауға дайын мамандардан. Сондықтан Polpharma Santo он жылдан астам уақыт бойы Қазақстандағы білім мен ғылымды дамытуға тұрақты түрде инвестиция салып келеді.





2013 жылдан бері компания

Polpharma Santo академиялық бағдарламасын

жүзеге асырып келеді. Бұл — бизнес, ғылым және білімді біріктіретін бірегей жоба.

Оның басты мақсаты — халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа буын кәсіби мамандарын даярлау және фармацевтика саласын дамыту.

Бүгінде бағдарлама оқушыларға, студенттерге және зерттеушілерге заманауи фармацевтикалық өндіріске, ғылыми зерттеулерге және саланың озық тәжірибелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зауытқа экскурсиялар, өндірістік практика, тағылымдамалар, ғылыми гранттар, білім беру жобалары мен конференциялар жас мамандарға мамандықтағы алғашқы қадамдарын жасауға және құнды практикалық тәжірибе алуға көмектеседі.

Бағдарламаның серіктестері қатарында Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Астана медицина университеті, Назарбаев Университеті және оның Медицина мектебі, сондай-ақ Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі бар.

Цифрлық инженерлік және білім беру орталығы

2019 жылы
Polpharma Santo
зауытының аумағында
өзінің Цифрлық
инженерлік және
білім беру орталығы
ашылды.

Мұнда қызметкерлер мен студенттер автоматтандырудың заманауи технологияларын, өндірісті басқарудың цифрлық жүйелерін, метрологияны және IT-шешімдерді меңгереді. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу сыныптары практикалық дағдыларды игеруге және фармацевтика өнеркәсібін бүгінде өзгертіп жатқан технологиялармен танысуға мүмкіндік береді.



Уақыт сынынан өткен серіктестік

Академиялық бағдарламада Оңтүстік
Қазақстан медицина академиясымен (ОҚМА)
ынтымақтастық ерекше орын алады.

Жыл сайын ОҚМА студенттері Polpharma Santo
өндірістік алаңдарында практикадан өтіп, заманауи
технологиялармен және GMP стандарттарымен
танысады, білім беру іс-шаралары мен кәсіби бағдар
беру жобаларына қатысады.



Болашақ мамандарды
дамытуға Polpharma
Group өндірістік
қызметінің жетекшісі
Томас Нотеггердің
дәрістері елеулі
үлес қосады. Оның
студенттермен
кездесулері
өндірістің цифрлық
трансформациясына,
автоматтандыруға,
Track & Trace
технологияларына,
Vision AI-ға және
фармацевтика саласының
әлемдік даму үрдістеріне
арналған.

Елдің жетекші университеттерімен бірге

 **polpharma**
santo

Polpharma Santo Назарбаев Университетімен және Назарбаев Университетінің Медицина мектебімен белсенді ынтымақтастық жасап, ғылыми зерттеулер мен білім беру бастамаларын қолдайды.

Соңғы жылдардағы ең маңызды жобалардың қатарында:

- ◆ Қазақстанның фармацевтика саласының инвестициялық және өндірістік әлеуетін зерттеу, соның ішінде нарық, жұмыспен қамту, инновациялар және ғылыми-зерттеу қызметін талдау;
- ◆ халық денсаулығы туралы жаһандық деректер негізінде аналитикалық құралдар мен жасанды интеллект модельдерін пайдалана отырып, аурушаңдық үрдістерін болжау жөніндегі бірлескен жоба.

Компания сондай-ақ Назарбаев Университетінің Жастар химиялық конференциясының серіктесі әрі демеушісі ретінде жас зерттеушілерге ғылыми әлеуетін ашуға және болашақ медицина үшін шешімдер табуға көмектеседі.



Мамандыққа алғашқы қадам

Өндірістегі практика — дәрі-дәрмектердің қалай жасалатынын көруге, заманауи технологиялармен танысуға және үлкен кәсіби командасының бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік.

Жыл сайын ондаған студент Шымкенттегі Polpharma Santo зауытында өндірістік практикадан өтеді. Олардың көпшілігі үшін бұл практика кәсіби жолының бастауына айналса, компания үшін дарынды болашақ мамандармен танысу мүмкіндігі болып табылады.

Polpharma Santo ертеңгі фармацевтиканы дамытатын адамдарға мүмкіндіктер жасайды. Өйткені білімге, ғылымға және жас мамандарға салынған инвестиция — болашақ ұрпақтың денсаулығына салынған инвестиция.







Адамдарға салауатты
әлемде салауатты өмір
сүруге көмектесу